«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№05- К-277/259
09.07.2018

«Арлан-Атырау» күзет агеттігі»ЖШС
директоры Р.Куркембаевқа
г. Атырау, А.Құнанбаев көшесі,19а
1-қабат, телефон 241811

Атырау облысы Ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Сіздің "Атырау медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен ұйымдастырылған №2601440-1 электронды конкурсына қатысты 03.07.2018ж №18 (кіріс №ЗТ-К-277 03.07.2018ж) өтінішіңізді қарап, төмендегіні хабарлайды.

Бірінші және төртінші келіспеушіліктер бағыты бойынша

Конкурстық комиссиямен конкурстық өтінімдерді қарау барысында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 27 бабы сақталмай, біліктілік талабына сәйкес келмейтіе әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері конкурса қатысуға жіберілгені анықталды.

Атап айтқанда, конкурстық құжаттаманың бір бөлігі болып танылған техникалық ерекшелікте, әлеуетті өнім берушінің құқығында Атырау облысы ІІД ЖПБ-нің мемлекеттік рұқсаты бар, арнайы жарықты сигналымен жабдықталған мекеме логотипі бар автокөлік болу туралы және өзгеде материалдық ресурстар болуы туралы талабы қойылған, алайда «Батыс қырандары» ЖШС біліктілік туралы мәліметінде техникалық ерекшелікпен белгіленген материалдық ресурстар туралы мәлімет келтірілмеген, ал «Арлан-Атырау» күзет агеттігі» ЖШС конкурстық өтінімінде техникалық ерекшеліктпен белгіленген арнайы жарықты сигналымен жабдықталған мекеме логотипі бар автокөлік туралы дәлелді құжатты (Атырау облысы ІІД ЖПБ-нің мемлекеттік рұқсаты) ұсынылмаған.

Сонымен қатар, конкурстық комиссиямен конкурстық өтінімдерді қарау қорытындысымен Заңның 27 бабына қайшы, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін алдын ала рұқсат беру хаттамасы қабылданбағаны анықталды;

Екінші және үшінші келіспеушіліктер бағыты бойынша

Конкурстық комиссиямен «Арлан-Атырау» күзет агеттігі» ЖШС конкурстық өтінімі бойынша Заңның 21 бабы 4 тармағымен белгіленген шартты жеңілдіктер бойынша өнім берушімен ұсынылған ұлттық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжатты бойынша 2 % шартты жеңілдік есептілінбеген анықталды.

ҚР Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 11.12.2015ж №648 бұйрығымен бекітілген Қағиданың 154 тармағына сәйкес *«Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды»* делінген.

«Арлан-Атырау» күзет агеттігі» ЖШС біліктілік туралы мәліметі бойынша жұмыс тәжірибесі 2 жыл, демек шартты жеңілдік 1% тең;

Берілген жаупқа қанағаттанбаған жағдайда Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Қамералды бақылау қорытындысымен мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысына орын алған бұзушылықтарды жоюға хабарлама жолданды

Департамент
басшысының орынбасары Ғ.Бекмұханов

орын.А.Дүйсенғалиева
Тел 319042